



Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының несие беру ережесін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 22 қыркүйек N 1440.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.25. N 832 қаулысымен. ~P020832

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының  
Z990357\_

Заңына

сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының несие беру ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 22 қыркүйектегі  
N 1440 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы  
жергілікті атқарушы органдарының несие беру ережесі

Осы Ереже "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Z990357\_ Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 Z952444\_ заң күші бар Жарлығына, "Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Z990464\_ Заңына сәйкес әзірленді

және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың тиісінше республикалық бюджеттің және жергілікті бюджеттердің (бұдан әрі - тиісті бюджеттердің) ақшасы есебінен бюджеттік несиeler берудің тәртібі мен шарттарын анықтайды.

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай үйымдар қолданылады:

несие беруші - Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органдар;

бюджеттік несие - несие берушілер тиісті бюджеттерден мерзімді, ақылы және қайтарымды шартпен беретін ақша;

заемшы - банк-заемшы немесе түпкі заемшы;

банк-заемшы - екінші деңгейдегі банк немесе түпкі заемшыларды одан әрі несиелендіру үшін тиісті бюджеттерден бюджеттік несиeler алатын банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар үйымдар;

түпкі заемшы - занды немесе жеке тұлға, банк-заемшы арқылы бюджеттік несие алушы;

бюджеттік несие бойынша берешек - белгілі бір күнге бюджеттік несиені өтөу және оған қызмет көрсету кестесіне сәйкес заемшы төлемеген төлемдердің сомасы.

2. Бюджеттік несиелендіру Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың тиісті жылға қабылдаған тиісінше республикалық және жергілікті бюджеттерді атқаруының құрамдас бөлігі болып табылады және банк-заемшыларға бюджеттік несиelerді түпкі заемшыларға кейіннен бере отырып оларды беру жолымен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген заңнамалық кесімдерімен немесе шешімдерімен негізгі қызметі экономиканың секторларына қаржылық қолдау көрсету болып табылатын өзге де үйымдардың банк-заемшылары ретінде қатысуы анықталуы мүмкін.

Бюджеттік несиeler беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес несие шарттарымен ресімделеді.

Осы бюджеттердің қарызы алуы болып табылатын республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерді бюджеттік несиелендірудің тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 маусымдағы N 874 Р000874\_

қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының үкіметтік қарыз алуын және жергілікті атқарушы органдарының қарыз алуын жүзеге асыру ережесіне сәйкес анықталады.

3. Респубикалық бюджеттің ақшасы есебінен бюджеттік несиeler беру туралы несиелік шарттар (келісімдер) жасасуды Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

3-1. Жергілікті бюджеттердің ақшасы есебінен бюджеттік несиeler беру туралы несиелік шарттар (келісімдер) жасасуды жергілікті атқарушы органдарының атынан әкім немесе оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады. <\*>

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.04.09.

N 478 қаулысымен. Р010478 \_

4. Бюджеттік несиелендірудің міндепті шарты несие берушінің мұддесін қорғауды қамтамасыз ету, несие тәуекелінің туындауын ең аз мөлшерге келтіру болып табылады.

Респубикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламаларды (бұдан әрі - тиісті бюджеттік бағдарламаларды) іске асыру кезінде берілген бюджеттік несиelerдің тиімділігіне және оларды қайтарудың уақытылығына қол жеткізу мақсатында несие беруші нақтылы бюджеттік бағдарламалардың сипатына қарай банк-заемшыларға қойылатын талаптар бойынша мәселелерді шешумен қатар:

банк-заемшыларға түпкі заемшыларды бюджеттік несиелендіру нәтижесінде туындаитын жедел шығыстарының орнын толтыру;

түпкі заемшыларды бюджеттік несиелендіру кезінде банк-заемшылардың тиісті кірістерді алу мүмкіндігінің мәселелерін шешуді қарастырады.

## 2. Бюджеттік несиелендірудің бағыттары

5. Бюджеттік несие нысаналы болып табылады және:

тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Занымен бекітілген;

тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттер туралы

мәслихаттардың шешімдерімен бекітілген тиісті бағдарламаларда көзделген бағыттар бойынша және сомалар шегінде беріледі.

6. Респубикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген бюджеттік несиелендірудің негізгі бағыттары:

респубикалық және аймақтық инвестициялық бағдарламаларды іске асыру;  
экономика салаларын мемлекеттік қаржылық қолдау;

шағын кәсіпкерлікті аймақтық қолдау бағдарламаларын орындау болып табылады.

Тиісті бюджеттік бағдарламалардың бағдарламаларымен бюджеттік несиелендірудің өзге де бағыттары көзделуі мүмкін.

### 3. Бюджеттік несиelerдің түрлері мен нысандары

#### 7. Бюджеттік несиелендіру процесінде:

несие берушілер мен банк-заемшылар;

банк-заемшылар мен тұпкі заемшылар арасында несиелік шарттар жасалады.

#### 8. Беру нысаны бойынша бюджеттік несиeler мыналарға бөлінеді:

1) бюджеттік несиенің бүкіл сомасын заемшының шотына бір жолғы аудару не оның төлем құжаттарын бір жолғы төлеу жолымен берілетін мерзімді несиeler;

2) несиелік желілер - бюджеттік несие сомасын аудару кестесіне сәйкес

заемшының шотына кезең-кезеңмен аудару не оның төлем құжаттарын кезең-кезеңмен төлеу жолымен берілетін несиeler.

Бюджеттік несиелендіру кезінде несие беруші мен банк-заемши Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңнамалық кесімдеріне және шешімдеріне сәйкес несиeler берудің басқа да нысандарын пайдалануы мүмкін.

#### 9. Беру мерзіміне қарай бюджеттік несиeler мыналарға бөлінеді:

1) қысқа мерзімді - 1 жылға дейінгі мерзімдегі несиeler;

2) орташа мерзімді - 1 жылдан артық, бірақ 3 жылдан аспайтын мерзімдегі несиeler;

3) ұзақ мерзімді несие - 3 жылдан артық мерзімдегі несиeler.

Жекелеген жағдайларда орташа және ұзақ мерзімді несиелендіру кезінде борыштың негізгі сомасын өтеу және сыйақы төлеу бойынша женілдік кезеңі берілуі мүмкін.

10. Бюджеттік несиeler ұлттық валютада беріледі. Бюджеттік несиенің мөлшері абсолюттік шамада, сол сияқты, шетел валютасындағы белгілі бір сомаға баламалы сомада көрсетілуі мүмкін.

11. Бюджеттік несиeler сыйақының құбылмалы (өзгермелі), сол сияқты және тіркелген ставкасымен берілуі мүмкін.

#### 12. Бюджеттік несиелендірудің негізгі шарттары:

несиelerді бюджеттік бағдарламаларда көзделген мақсаттарға бағыттау;

заемшылардың бюджеттік несиелендіру кезінде қойған талаптарды сақтауы; бюджеттік несиелендіру үшін белгіленген несиeler беру нысандарын пайдалану;

несиelerдің қайтарылуын қамтамасыз ету болып табылады.

<\*>

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.04.09.  
N 478 қаулысымен.  
P010478\_

12-1. Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен берілетін несие валютасын, сомасын, несиeler беру және қайтару мерзімдерін, олардың сыйақы ставкаларын қоса алғанда, бюджеттік несиені алудың, пайдаланудың, өтеудің және оған қызмет көрсетудің сандық мәндері мен сипаттамалары сияқты несие шарттары (бұдан әрі - несие шарттары) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен анықталады.

Жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен берілетін несие шарттары облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің шешімдерімен анықталады. <\*>

Ескерту. 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.04.09.  
N 478 қаулысымен. P010478\_

#### 4. Банк-заемшыларға бюджеттік несиeler берудің тәртібі мен шарттары

13. Бағдарламалардың әкімшілері тиісті бюджеттерді қабылдағаннан кейін екі айдан аспайтын мерзімде:

банк-заемшыларға қойылатын талаптар анықталады.

Банк-заемшыларға қойылатын негізгі талаптарға:

бұрын республикалық және/немесе жергілікті бюджеттердің ақшасы есебінен алынған несиeler бойынша берешектің болмауы;

конкурсты өткізу күнінің алдындағы соңғы үш ай ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің пруденциалық нормативтерінің сақталуы;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген жарғылық және меншікті капиталдың ең аз мөлшері лимиттерінің сақталуы;

бюджеттік несиelerді уақытылы қайтару жөнінде тиісті қамтамасыз етудің болуы;

қажет болған кезде филиалдық желілердің және/немесе корреспонденттік желілердің болуы;

қажет болған кезде ақпарат берудің халықаралық электрондық жүйелерінің (SPRINT, SWIFT, REUTER) болуы жатады.

Ескерту. 13-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.09. N 478  
қаулысымен. P010478\_

14. Бағдарламалардың әкімшілері екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі - банк-қатысушылар) арасында нақты бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шенберінде несиeler алуға арналған конкурс өткізу үшін қойылатын талаптарды қоса бере отырып, олар бойынша сұрау салуларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жібереді.

15. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бес күн мерзімде сұрау салуларға сәйкес конкурсқа қатысу үшін белгіленген талаптарға сай банк-қатысушылардың тізбесін дайындайды және бағдарламалардың әкімшілеріне жібереді.

16. Бағдарламалардың әкімшілері тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің оң қорытындысы бар банк-қатысушылар арасында өтінімдерді берудің мерзімін көрсете отырып, нақты бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шенберінде олардың несиeler алуды үшін конкурс жариялады.

17. Банк-қатысушылар бағдарламалардың әкімшілері анықталған конкурс өткізу мерзімдерінде олардың конкурс шарттарына сәйкестігін растайтын және бюджеттік несиelerді алу және оларды нақтылы бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шенберінде түпкі заемшылардың несиелендіруін жүзеге асыру шарттары бойынша ұсыныстардан тұратын құжаттардың қосымшасын қоса бере отырып, конкурсқа қатысуға өтінім береді.

18. Құжаттарды қарау және банк-заемшыларды іріктеу үшін бағдарламалардың әкімшілері банк-қатысушылардың конкурсқа қатысуға жіберілгендерінің ішінен конкурстық комиссиялар құрайды.

Конкурстық комиссия бюджеттік бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз ететін тиесілі несиелендіру және бюджет қаржатын үнемдеу мақсатында банк-қатысушылардың өтінімдерін қарауды жүргізеді және оларды іріктеуді:

бюджеттік несиелендіруге байланысты шығыстардың ең төменгі деңгейін;  
қамтамасыз ету сапасын (көлемі, нысаны, өтімділігі);  
банктердің несие портфелінің өтімділігі деңгейін;  
банктердің меншікті капиталының көлемін;  
несиелендіру саласындағы банктердің жұмыс тәжірибесін ескере отырып жүзеге асырады.

Ескерту. 18-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.09. N 478  
қаулысымен. P010478\_

19. Конкурстың нәтижелері бойынша бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның тиісті шешімдерінің жобаларын белгіленген тәртіппен енгізеді. Несие берушілер банк-заемшылар, нақтылы бюджееттік бағдарламаларды іске асыруда олардың қатысу шарттары мен деңгейі анықталатын соңғы шешімдер қабылдайды.

20. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қабылданған оң шешімдерінің негізінде несие беруші банк-заемшылармен бірлесіп, қажет болған кезде бағдарламалар әкімшілерінің қатысуымен несие шарттары мен оларға байланысты құжаттар (кепіл туралы шарт, кепілдік, төлемдердің кестелері мен басқалар) жасауды жүргізеді.

Несие беруші теріс шешім қабылдаған жағдайда бағдарламалардың әкімшілері конкурсты қайта өткізуі үйымдастырады.

21. Жасалған несиелік шарттар жасалған қуннен бастап үш күн мерзімде: республикалық бюджеттің ақшасы есебінен бюджеттік несиeler бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің;

жергілікті бюджеттердің ақшасы есебінен бюджеттік несиeler бойынша жергілікті атқарушы органдардың тіркеуіне жатады.

22. Несиелік шарттарды тіркегеннен кейін банк-заемшылардың қаражатын алуға арналған өтінімдердің негізінде несие беруші несие қаражатын тиісті бюджеттерді атқару тәртібімен тиісті бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік шотынан банк-заемшылардың шотына есепке алуды жүргізеді.

23. Несиелік шартта міндетті тәртіппен осы қаулының 12-тармағында көрсетілген бюджеттік несиелендіру шарттары және несие шарттары, сондай-ақ тараптардың құқықтары мен міндеттері, шарттың ережелерін орындамаған кездегі санкциялар, дауларды шешудің тәртібі, шарттың қолданылу мерзімі көзделеді. <\*>

Бюджеттік несиелендіру кезінде туындастын талаптардың барлық даулары мен алауыздықтары жасалған несие шарттарының ережелерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

Ескерту. 23-тармақ өзгерді - КР Үкіметінің 2001.04.09. N 478  
қаулысымен. Р010478\_

##### 5. Банк-заемшылардың түпкі заемшыларға бюджеттік несие беру тәртібі мен шарттары

24. Банк-заемшылардың түпкі заемшыларға несие берушінің несие ресурстарынан бюджеттік несие беруі қолданылып жүрген заңнамаға, несие берушімен жасалған несие шарттарына және банк-заемшылардың ішкі несие саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

25. Банк-заемшылар: тұпкі заемшылардың төлем қабілеттігіне және бюджеттік несиені өтемеу тәуекелінің дәрежесіне талдау, экономикалық орындылығына, жобаның техника-экономикалық және қаржылық көрсеткіштеріне талдау, несиені өтеу көздерінің болуына және оны қамтамасыз етуге тексеру жүргізу жолымен тұпкі заемшылардың несие ұсыныстарына сараптама жүргізеді.

26. Несие ұсыныстарын сараптау нәтижелерінің негізінде банк-заемшылар

бағдарламалардың әкімшілерімен келісім бойынша тұпкі заемшыларды несиелендіру туралы шешім қабылдайды, олармен несиелік шарттар мен бюджеттік несиelerге байланысты басқа да құжаттар жасасады.

27. Несие шарттарын және оларға байланысты құжаттарды жасасқаннан кейін банк-заемшылар тұпкі заемшылардың атына несие шарттарына сәйкес бюджеттік несиелер сомасы есепке алынатын қарыз шоттарын ашады. Көрсетілген шоттан тұпкі заемшының есеп шотына ақша аудару не оның төлем құжаттарын төлеу жолымен несие беру жүргізіледі.

6. Бюджеттік несиені өтеудің және  
оған қызмет көрсетудің тәртібі

28. Негізгі борышты өтеуді және есептелген сыйақыны төлеуді заемши жасалған несие шартына сәйкес жүзеге асырады.

Бұл ретте телемдердің мынадай кезектілігі белгіленеді:

- 1) есептелген айыптар мен өсімақылар;
- 2) есептелген сыйақы;
- 3) негізгі борышты өтеу.

29. Несие шарттарында тараптардың қалауы бойынша мерзімінен бұрын өтеу құқығы көзделуі мүмкін.

Несие беруші несиелік шартты мерзімінен бұрын бұзуга және банк-заемши несиелік шарттың ережелерін бұзған жағдайда есептелген сыйақымен және айыппұлдармен бірге несиенің іс жүзіндегі ұсынылған сомасын қайтаруға құқылы.

30. Несие шартын бұзбаған жағдайда несие беруші бюджеттік несиені мақсатсыз пайдалану фактілері анықталған кезде несиелік шартта айтылған мөлшерде айыппұл сала отырып, заңсыз пайдаланылған несие сомасын заемшыдан өндіріп алуға құқылы.

31. Заемшы негізгі борышты өтемеген және/немесе бюджеттік несие бойынша сыйақыны несие шартында белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда, пайда болған берешекке айыппұл пайыздары есептелінеді.

32. Заемшыда бюджеттік несие бойынша берешек пайда болған және оны несие шартының ережелерінде анықталған мерзімнің ішінде өтемеген кезде тиісінше республикалық және жергілікті бюджеттерден алынатын несиeler бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен жергілікті атқарушы орган не банк-заемшы (түпкі заемшымен бірге болған жағдайда) берешектің қайтарылуын қамтамасыз ететін тиісінше мынадай шараларды:

1) гарантқа (кепілгерге) заңнамада белгіленген тәртіппен заемшының берешегін өтеу жөніндегі міндеттемелерді олардың атқаруы туралы құжаттарды жіберуді;

2) қолданылып жүрген заңнамага сәйкес кепіл туралы шарттың негізінде заемшы кепілге салған мүлікті сатуды;

3) заемшының талаптарын заемшы несие берушінің не банк-заемшының пайдасына жол берген басқа тұлғаға ақы төлеу үшін ұсынуды;

4) "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Z970067\_ Заңына сәйкес заемшыны сотпен банкрот деп жариялағанға дейін де сот тәртібімен өндіріп алуды жүзеге асыруды қолданады.

33. Республикалық және жергілікті бюджеттердің ақшасы есебінен берілген несие банк-заемшы тиісті бюджеттерге негізгі борыштың сомасын қайтарған және айыппұлдарды қоса алғанда, осы несиеге байланысты сыйақыны және барлық ілеспе төлемдерді толық көлемде төлеген кезде өтелген болып саналады.

## 7. Бюджеттік несиelerdің есебі және оны бақылау

34. Банк-заемшыларға тиісті бюджеттердің ақшасы есебінен берілген барлық несиeler Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен міндетті тіркеуге жатады.

35. Берілген бюджеттік несиelerге несие берушінің мониторингі банк-заемшылар үнемі ұсынатын есептіліктің негізінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен және нысандар бойынша жүзеге асырылады.

36. Жергілікті бюджеттерден берілген барлық бюджеттік несиeler Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі анықтаған нысандар бойынша және мерзімдерде жергілікті атқарушы органдардың жасалған несие шарттары туралы бюджеттік несиelerdің жүзінде беру, оларға қызмет көрсету және өтеу туралы үнемі есептілігінің негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің орталықтандырылған есепке алуына жатады.

37. Бюджеттік несиelerдің игерілуіне, мақсатты пайдаланылуына,

уақытылы және толық өтелуіне бақылауды:

тиісті бюджеттерден берілген барлық несиeler бойынша - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

жергілікті бюджеттерден берілген несиeler бойынша жергілікті атқарушы орган;

түпкі заемшымен болатын жағдайда барлық бюджеттік несиeler бойынша - банк-заемшылар жүзеге асырады.

38. Бюджеттік несиelerді пайдаланудың тиімділігін бағалауды респубикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады.

39. Несие беруші бақылау мақсатында респубикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінен және банк-заемшылардан бюджеттік несиelerге байланысты қажетті ақпаратты талап етуге құқылы.

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.Н.